

ШОНА СМАХАНҰЛЫ

*Жанғара Дәдебаев,
филология ғылымдарының докторы,
профессор*

Қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі Шона Смаханұлының өмір тарихы қилы белең-белестерден тұрады. Әулие-ата өңірі Талас өзенінің жағасында 1924 жылы 2 қарашада дүниеге келген ол ата-ана мейірінен ерте айырылып, балалар үйінде, интернатта тәрбиеленеді. Балалық шағы балалар үйі мен интернат бөлмелерінде өткенде, болашақ қаламгердің жастық, жігіттік шағы Ұлы Отан соғысының от-жалынына сәйкес келеді. Сөйтіп Шөкеннің жастық, жігіттік дәуірінің ең бір аяулы кезеңі оқ пен оттың арасында қар жастанып, мұз төсеніп жүріп, майдан даласында қалып қояды.

Соғыстан аман-есен еліне оралған соң, Шона Смаханұлы ауыл мектебінде бірнеше жыл ұстаздық қызмет атқарады, ұстаздық ете жүріп шығармашылық еңбекпен де шұғылданады. 1950 жылдардың ортасынан бастап ол бірыңғай әдеби қызметке ауысады – “Қазақстан мұғалімі”, “Қазақстан пионері”, “Ара” секілді республикалық газеттер мен журналдар редакциясында, “Жазушы” баспасында редактор, редакция меңгерушісі болып еңбек етеді.

Шона Смаханұлының шығармашылық еңбегі мен қоғамдық-азаматтық қызметі оның өзінің ең сүйікті ісі ұстаздық өмір талаптарымен, ұрпақ тәрбиесі ісімен тығыз байланысты болды. Ұстаздық ете жүріп, шығармашылық ізденістерінің өрісін кеңейтті. Бірыңғай шығармашылық қызметке ауысқанда, бала оқыту мен тәрбиелеу ісінен қол үзбеді. Шона Смаханұлы ана тілін ардақтау, ұлттық рухани құндылықтарды қадірлеу туралы өлең жазып қана қойған жоқ, балаға ана тілінде білім беру, баланың ана тәрбиесінде өсуі туралы халықтық маңызы зор ұран көтерді және сол жолда аянбай еңбек етті, қоғамдық ұғым қалыптастырды, қоғамдық сананың жаңғыруына, жаңаруына қол жеткізді. Қазақ тілінде білім беретін мектептер ашу жолында кеңестік кезеңнің алынбас қамалдай болып тұрған тосқауылын бұзып-жарып шықты.

Қаламгер өзінің шығармаларында, сықақтары мен мысалдарында балалар үшін де, басқалар үшін де ғибратты, танымдық, тәрбиелік мәні жоғары ірі мәселелерді көтерді. Өмір құбылыстарының қалың тобынан көзіне түсіп, көңіліне ұялаған шағын шындық болмыстың өзін де ақын шын тапқырлықпен, суреткерлік үлкен талғаммен толғады.

Шона Смаханұлының шығармашылық мұрасының құрамында Алматыда, Москвада қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген отыздан астам кітап бар. Олардың төрт-бесеуіне әңгімелер мен повестер топтастырылған да, қалғандары поэзиялық шығармалардан түзілген.

Шона Смаханұлы шығармаларының жанрлық құрамы мен тақырыбы әр түрлі болып келеді. Ақынның туған жер, өскен орта, бала мен балалық шақ, өмір мен көңіл сыры секілді дәстүрлі тақырыпта жазған шығармаларының

көркемдік сипаты, эстетикалық маңызы зор. Бұл ретте Шона Смаханұлы – лирик. Оның көптеген лирикалық өлеңдері бүгінде әнмен айтылып жүр. Ақынның “Жамбылым қандай тамаша”, “Егіншілер жыры”, “Жасыбай көркі”, “Анамның тілі”, “Құс туралы жыр”, “Сүйікті ұстазым – мектебім”, “Оқушылар жыры” (Мектеп вальсі), “Ор теке” және басқа өлеңдерін мектеп оқушылары мен жастар күні бүгінге дейін сүйіп айтады.

*Сәулетті, сәнді, тұрмысты,
Байлығы шалқар шалқыған.
Ақпейіл, азат, ырысты
Айналдым туған халқымнан...–*

деген жыр жолдары ақынның еліне, жұртына, туған халқына деген махаббатын, шын ықыласын, зор сүйіспеншілігін танытады. Ол туған жерінің тауы мен тасына, өзен-көлдері мен бұлақ-көздеріне сүйіп, сүйсініп қарап, кейде оларға өзі еркелегендей, кейде өзіне олар еркелегендей сезінеді, сезініп қана қоймай, сезімін бұлақ көзіндей мөлдіретіп сыр ашады, тау басына тіккен жалауша желбіреп жыр жазады.

Автор “Анамның тілі, аяулы үні” атты өлеңін марқұм анасы Брлиша Тастанқызына арнаған екен. Өлең анаға, ананың тіліне, ананың үніне деген құрмет пен сүйіспеншілікке, сағынышқа толы. Анасынан ерте айырылып, ананың ақ сүті мен ақ сезіміне, мейіріне шөліркеп өскендіктен бе екен – ақын өлеңінің әр жолынан, әр жолының әрбір сөзінен анасын шексіз сүйген балапан жүректің балдай тәтті үні естіліп тұрғандай болады. Сондықтан ба, бұл шығарма жастардың ана туралы ғана емес, анадай аяулы ана тілі туралы әнге салып орындайтын, сүйіп айтып, сүйіп тыңдайтын өлеңі болып кетті. Әр тармағы әнге, әуенге айналған бұл өлеңді Шөкең кезінде өз анасына арнап шығарған болса, қазір ол жастардың орындауында барша анаға, ана тіліне арналып айтылатын ән-құрметке, жыр-махаббатқа айналып отыр.

Ақын өзінің шығармашылық еңбегінің басты мақсаты туралы оқырмандарына былай деп жазады:

*Көңіліңнің терезесін қақсам,
Сақ бол деймін.
Аярлық, азғындықтан
Пәк бол деймін...*

Ақынның осы бағыттағы шығармалары оның әдеби мұрасының және бір табиғаты бөлек, дара желісін түзеді. Аталған топтағы шығармалар ақыл-кеңес, нақыл түрінде жазылған. Оларды жазылу мақсаты мен түрінің ерекшеліктеріне орай ғибратнама деп атаған дұрыс. Ғибратнама үлгісінде жазылған шығармаларында автор ойын астарламай, ашық та анық тұжырады. Сөйте тұра олардың ішкі мәні мен мазмұнында сыншыл ойдың сарыны да бар. Осы орайда мына ғибрат сөзге назар аударып көрейік:

*Опасызды дос көрме,
Үмітпенен босқа ерме.*

*Күліп тұрып мұртынан,
Үріп тұрар ұртынан.*

Алғашқы екі тармақта ғибратты ойдың өзі берілген. Ойды осыменен аяқтап, әрі қарай жалғастырмаса да болар еді. Өйткені опасызды дос тұтудың ақыры айтпаса да белгілі. Соған қарамастан ақын кейінгі екі тармақты жазып, алдыңғы жолдарда тұжырылған ойының жан-жағын ашып, анықтай түседі. Сонымен бірге ақын опасыздың түр-түсін, іс-әрекетін де көрсетіп, оның ел көзінен жасырын, ішінде бүгіп тұрған оңбаған сырын әшкере етеді. Нақыл ой мен сыншыл ой шағын ғана шығарманың бойында осылайша сызатсыз тұтасып, жарық-сәулесін бір-біріне әрі жарасып, әрі жарысып түсіріп тұрады.

*Дүние уға айналса,
Ақша – суға,
Адам құға айналар... –*

деген жолдарға немесе:

Ащы теңізден тұщы бұлақ артық, –

секілді бірқақпай сөздерде тұжырымды ойдың өзі бар да, сыншылдық сарын жоққа тән. Оның есесіне ақын әр нақты сөзіне қосымша мазмұн, астарлы мән дарытады.

Шона Смаханұлының әдеби мұрасының басты саласын сықақ, мысал жанрында жазылған шығармалар құрайды. Ақынның сықақ өлеңдері, негізінен, белгілі бір ғана ой айналасына құрылады әрі етек-жеңі жинақы, көлемі жағынан шағын болып келеді. Олардың қай-қайсысында да адам бойындағы кемшілікке, қоғамдағы олқылыққа сын айтылады. Айтылған сын адамның немесе қоғамның өзін емес, ондағы кемшілікті, олқылықты жоюға бағытталады.

Автордың сыны салмақты, сабырлы, салдарлы, уытты. Ақын айтқан сынның өзі бірде әжуа, бірде мазақ, бірде келеке түрінде келіп, әлденеше құбылып отыруы да көркемдік-эстетикалық тұрғыда мейлінше әсерлі. Ақынның сыншыл ойы көбінесе өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, жалақорлық пен пәлекорлық, қулық пен сұмдық секілді кісі бойындағы оңбаған қылық пен құлықты аяусыз әшкерелеп, адам болам деген азаматты олардан аулақ болуға, абай болуға шақырады.

Ақын сықақ етіп, келемеждеп, әжуалап жазған көлеңкелі құбылыстар алуан түрлі. Солардың бірқатары шаруашылыққа, кәсіпке байланысты өмір құбылыстарының тобын түзеді. Заманның, қоғамның өзгеруіне орай оларға деген бүгінгі пікір, бағаның да өзгеріске түскені рас. Алайда мына өлең

жолдары бұдан бірнеше ондаған жылдар бұрын жазылса да, бүгінгі күннің басты тынысын танытатындығында сөз жоқ:

*Тоқырау деген кезеңде
Тоқырап еді саудагер.
Бетбұрыста шығып белеңге,
Болып та алды айлакер.*

*Алып та сатып әрнені,
Аузымен орақ орады.
Өндірмейді өзі дәнеме,
Өзгенің қанын сорады.*

Бүгінгі күн шындығы тұрғысынан қарағанда да осы жыр жолдарынан “жоқ, олай емес” дегізіп, қарсылық немесе қайшылық тудырғандай сөзді табу қиын. Тек соңғы тармақ қана ойға қалдыруы мүмкін. Өйткені қазіргі шақта өз тарапынан ештеңе өндірмей, алып-сатарлықпен айналысу кәсіптің де, кәсіпкерліктің де ең бір озық, өнімді түріне айналып отыр. Сондықтан алып-сатарларды “өзгенің қанын сорады” деп тану да, таныту да бүгінде күмәнді болып қалғаны өтірік емес. Әйтсе де адам еңбегінің өнбегі, нақты өнімі болғанға не жетеді. Егер он адам өз еңбегімен өнім өндіріп, бір адам соны сатуға шығарып тұрса, оған кім сын айтсын. Осы тұрғыдан келгенде, автордың сыншыл ұстанымы, сыншыл ойы бүгінгі шындықты дұрыс танып, орынды бағалауға қызмет етеді деп білген орынды. Екінші жағынан, автор бұл бағаны шығармашылық өнер заңдылықтарына орай әсірелеу тәсілімен беріп отырғанын ескеру керек.

Адамның ойындағы, ісіндегі, мінез-құлқындағы кемшіліктерді көрсете отырып, оны жамандықтан сақтандыру, күлдіре отырып ойландыру – Шона Смаханұлы өнерінің ерекше ғибратты саласы. Бұл саладағы шығарма суреттеу пәні болып отырған құбылыстың сыртқы пішіні мен ішкі мәні арасындағы қарама-қарсылыққа, қайшылыққа құрылады. Мысалы, жақсы мен жаман, мәнді мен мәнсіз, көрікті мен көріксіз секілді мағыналары бір-біріне қарама-қарсы жұп құбылыстардың мазмұны мен пішіні арасындағы қайшылық осы тұрғыда қабылданады. Ал осы қайшылықтың өзі ақын шығармашылығында өзгеше көрініс табады: шектен шыққан мәнсіздік өз қалпына қарамай, асқан мәнділік түрінде көрінуге тырысады; асқан надандық өзін асқан даналық түрінде көрсетеді; зұлымдық өзін ізгілік түрінде көрсетеді, т. б. Осы ойды басқа бір қырынан сипаттағанда, мына жай анықталады: мәнсіздік, надандық, зұлымдық, т. б. өзінен-өзі күлкілі бола алмайды; зұлымдығы толық біреу өзін ізгіге санап, өзін әр жерде ізгілердің ізгісі етіп көрсетуге тырысса және сонысын мақтан тұтып, маңыздана түссе, күлкілі ахуал сонда туады.

Күлкі де, күлкілі ахуал да түрліше болады. Күлкінің, күлкілі жайдың бәрі сатираға негіз бола алмайды. Жеке адам өзінің қуануға лайықты қуанышты сәттерінде де күледі. Бірақ бір адамның қуанышты сәті басқа

адамдарды күлдірмейді. Оның үстіне кісінің қуануға лайықты жағдайда қуанып күлуінде юморға, иронияға, сатираға арқау етерлік негіз болмайды. Шона Смаханұлының шығармашылығындағы күлкінің сипаты басқа. Ондағы күлкі де, күлкілі ахуал да жалпы жұртқа, қоғамға ортақ және бір адамның емес, жалпы жұрттың, бір аймақтың емес, жалпы қоғамның болмысын жақсартуға қызмет етеді.

Ақын елдің рухани, мәдени өміріндегі оқиғаларға да жедел үн қосып, тиісті бағасын берген. Бұл тарапта автордың сынына түсіп, тезінен өткен өмір құбылыстарының қатарында шығармашылық мекемелердің жұмысындағы оқыс көріністер, ойсыраған олқылықтар да бар. Мысалы, “Экранда” деп аталатын шымшымасында автор былай деп жазады:

*Алдымен эстетика жайлы сөз болды,
Ұзамады – бес минутта тез болды.
Эстетикаға іле-шала экраннан
Жылқы даусы шығып қалды
Оқырылған.
Одан кейін
Шошқа кеп ерініп тұрды,
Сиыр – одан, сиырдан ол
Жерініп тұрды.*

Шона Смаханұлы шығармашылық нысана-тұрғысы биік, талғампаз талант еді. Ақын мына шымшымасында шындықты айтып отыр. Осылай болғаны өтірік емес. Экранға қарап отырған жұрттың есінде эстетикалық тұщыну, эстетикалық ұғым мен әсер емес, өзіне шошқаның еріне қарап, көзін кірбитіп, танауын талпитып қарап тұрған қалпы, сиырдың мұрнын шүйіріп, жерініп қарап тұрған қалпы қалғаны да шын. Біле білген кісіге бұл – үлкен сын, сыпайы сынау деген де осындай-ақ болатын шығар. Абай айтатын «улы сия, ащы тіл» бұл жерде жоқ. Ақынның сыны жанды ауыртпайды, бірақ «шымшыманың» аты затына сай, жанды ауыртпаса да, кісінің бойын жинап алуына жетерлік уыты бары анық. Шындықты айта отырып бұлайша сыпайы сын айту сыншылдық пен шыншылдыққа қоса суреткерлік шеберлікті талап етеді. Шона Смаханұлы сыншыл да шыншыл әрі шебер суреткер еді. Автордың шығармашылық терең танымы мен талғамы түр-түсі де, мән-мағынасы да бір-бірімен үндеспейтін, үйлеспейтін өмір құбылыстарын бір экранда бір мезетте қосақтап көрсетуді өнер заңдылықтары аясында қабылдай алмайды. Бұл жерде ақынның өнер туындысы, шығармашылық еңбектің биік мәдениеті, өнер туындысын эстетикалық қабылдау туралы әлеуметтік озық нысана-тұрғысы барынша жарқырап көрініп тұр. Осы нысана-тұрғы, осы талғам мен талант биігінен бүгінгі экранға көз салғанда, Шөкеннің шымшымасы тағы да ойға қалдырады. Эстетика, шошқа, сиыр – бір экранда осы үшеуінің басының түйісуін автор шығармашылық өнердің де, шығармашылық кәсіптің де талаптарына мүлде қайшы деп білген.

Шона Смаханұлының шығармашылық талантының барынша жарқырап көрінетін бір саласы – мысал. Мысалдың Эзоп, Крылов, Байтұрсынов секілді майталман шеберлерінің көркемдік дәстүрлерінен үлгі ала отырып, ақын өз заманындағы, өз дәуіріндегі ескірген, күні өткен түрлі кертартпа қылықтар мен іс-әрекеттерді сөз, ұғым, образ деңгейінде немесе тұтастай образдар жүйесі деңгейінде суреттейді. Автордың сын семсеріне шалынып, қиылып түсе беретін нәрсе – негізінен, кісінің бойындағы, оның мінез-құлқындағы кем-кетіктер.

Кісі бойындағы күншілдікті кісінің кісі болып дүниеге келген күнінен бері қарай жалғасып келе жатқан жағымсыз қылық, оңбаған құлық десе болады. Дүние жаралғалы болған жазықсыз кісі өлімінің ең алғашқысының себебі де осы күншілдік еді деп түсіндіреді аңыз. Ақын кісі бойындағы осы ең көне, ең көне бола тұра күні бүгінге дейін қалмай келе жатқан лаң пиғылды нәзік ишара, ұтымды тұспал арқылы әрлі де нәрлі бояумен мейлінше әсерлі көрсетеді:

*Қарауыл боп қара қарға
(Ондайларға шара бар ма?)
Торғайларды
Жайлап қана үркітті.
Неге өйткенін кім білсін –
Өле-өлгенше
Жамандап өтті Бүркітті...*

Қарға өзінің ойы мен бойына сай жап-жақсы қызмет атқаруда. Өзі қарға болса, қызмет-міндеті қырманға қарауыл болса, есті қарға үшін бұл тұтас бір патшалықты билеуден еш кем емес. Соған қарамастан сорлы қарға қуатты қанаты мен тегеуірінді тырнағынан басқа байлығы жоқ не жылы-жұмсақ қызмет-міндеті жоқ Бүркітті, Бүркіттің бүркіттігін көреалмай қапа болады. Қарға шіркіннің Құдайдың берген ризығын теріп жеп, қолында бар байлығына қанағат етпей, шырқау биікте жүрген Бүркітке қызғанып, іші күйіп қарамасқа шарасы жоқ. Өйткені Бүркітте бар қанат, Бүркітке біткендей тұяқ пен тұмсық мұнда да бар. Бірақ сол қанат, сол тұмсық, сол тұяқпен Бүркіт бүркітше ғұмыр кешкенде, қарға қарғаша ғана күн көріп қала береді. Сондықтан да Бүркіттің бүркіттігін танып, өзінің қарғалығын ұғынған сайын, қарғаның іші күйіп, мазасы қашады. Осы күйдің шырмауынан шыға алмай, бүркіттен өзінің ақылы асып тұрғаны туралы асылыққа бой алдырады. Қарға болып жаратылған соң, бұған қыран Бүркіттің қылығы мен қызығы не үшін керек еді десеңізші... Амал не, Бүркітті күндеп, күйініп күңкілдеп жүрмесе, қарға қарға бола ма...

Шымшыма қарға туралы болғанмен, онда адам өмірінің шындығын ашатын үлкен мән-мағына бар. Қызғаныш, іштарлық, күншілдік, көреалмаушылық қарға бойлы, қарға адымды адамда болады деу жөнсіз. Бұл жерде қарғаның бойының да, қарғаның адымының да жазығы жоқ. Мәселе бойда емес, ойда, адымда емес, адамда. Біреудің бойын күндеу, келесі

біреудің ойын көре алмау, тағы біреудің бағын қызғану секілді кісі бойындағы жаман құлықты ақын аз сөзбен өрнектеп көрсетіп, әр сөзіне үлкен мазмұн береді.

Бойына, әліне қарамай, көтере алмайтын шоқпарды білегіне ілуге жан салып құмартатын жаман тілектің иесін ақын мына шымшымасында басқа қырынан танытады:

*“Өспеуіме
Жолбарыс кінәлі” деп,
Мысық байғұс
Ерте-кеш жылады кеп...*

Аңыз-әңгімелерде мысық жолбарыстың тұмсығынан түскен деп айтылады. Сондықтан да, болмыс-бітімінің кемдігі болмаса, құдды жолбарыстың өзі секілді. Бірақ мысықтың баласы жолбарысқа қанша ұқсап тұрғанмен, ол жолбарыс болып өспейді де, жолбарыс болып өлмейді де. Әйтсе де мысықтың өзіне салғанда, ол қай істі де жолбарыстан артық істемесе, одан кем атқармайтынына сенімді. Жолбарыс өз билігін бұған бере қойғанның өзінде де бұл жолбарыстың ісін емес, мысықтың ісін, мысықтығын істейтінін, мысық болып қала беретінін мойындағысы келмей, мойындай алмай, пұшайман күй кешеді. Сөйтіп бұл да бұлданады, ұсақтығын, майдалығын өзінің жаратылысынан, Құдайдың күдіретінен деп білмей, оған өзгені айыпты еткісі келеді, өзгенің жаратылысындағы артықшылықты көре алмайды, есесі біреуде кеткендей күйінеді. Ол мұнымен тоқтап қалмайды, тырнағына іліккен тышқанға қарап, жаратқанның бергеніне шүкірлік етудің орнына жолбарыстың ісін олқы көріп, көңіліне күпірлік алады, сөйтіп жаратқан иесінің алдында күнәкар болады. Ақын осындай ойы күпірлі, күнакәр батшағарлардың жанды жеріне тиеді.

Шағала туралы мысал өлеңде де әлін білмей, әлек болып, көзі жетпеген жерде әр жоқ, көңілі жетпеген жерде нәр жоқ деп жүрген жанның мүшкіл халі, мүсәпір күйі ұтымды әрі ұғымды суреттеледі.

*Шарқ ұрып,
Көл түбіне бір жетпейді.
Шабақтан басқа мұнда
Дым жоқ дейді.*

Көл үстінде шарқ ұрып ризық іздеп жүрген шағалаға керегінің өзі шабақтан басқа ештеңе де емес. Көлде бір де бір шабақ болмай, тек қана шортандар шоршып жүрген болса, онда шағала басқаша шырқар еді. Тереңдегіні ілейін десе, бойлауға бойы жетпейтін, биіктегіні ілейін десе, алуға қолы жетпейтін жан қашанда шамшыл. Адам бойында болатын осындай шектен тыс кінамшылдық, әсіреқызыл сыншылдық шағаланың бір ауыз сөзі арқылы мейлінше шынайы әрі шырайлы көрініс тапқан.

Шона Смаханұлы қазақ сатирасының дамуына, болмысты сатиралық пайымдаудың жанрлық түрлерінің баюына зор үлес қосты. Қазақ сатирасының даму тарихында неше алуан жанрлық түрлердің әрқайсысының өзіндік орны бар. Олардың әрқайсысы - бір әлем. Шона Смаханұлының әлемінде осылардың бәрі бар: сатира, сарказм, юмор, ирония. Оның үстіне осылардың бәрі проза үлгісінде де, поэзия үлгісінде де өрнектелген, анық, ашық, айқын түрде ғана емес, астарлы, ауыспалы түрде де кең қанат жайған.

Аталған жанрлық түрлердің бәрінің негізінде күлкі жатыр: бірде қатты, бірде ащы. Күлкінің көлеңкесінде сын жатыр. Ол да сондай: бірде қатты, бірде ащы. Автордың заманында бұлар кісінің күлкісін келтіретін. Ендігі тұста кісінің мінезін оны жылатып отырып түзетпесе, күліп, күлдіріп отырып түзеу мүмкін болмай қалғандай. Соған орай Шона Смаханұлынан қалған сатираны оқығанда күлкісі келетін жандардан гөрі жылағысы келетін жандар көп сияқты болып көрінеді. Бұл ақын сатирасының бүгінгі күн үшін де өзекті екенін аңғартады.

Қаламгердің таланты мен мүмкіншіліктері юмор мен иронияда барынша мол көрініс тапты, мысал үлгісінде айрықша дара сипатымен ерекшеленді. Солардың бәрінен автордың көркемдік ойлаудағы алғырлығы, шығармасына арқау болар шындық құбылыстарын таңдаудағы талғампаздығы, өмір шындығынан өнер туындысын жасаудағы шеберлігі көрініп тұрады.

Шона Смаханұлының шығармашылық мұрасының басты ерекшелігі шыншылдығы мен сыншылдығында. Ақынның шыны сыншыл болғанда, сыны шыншыл. Сонымен бірге қаламгердің сыны да, шыны да жарыса келіп табысып, өзара тұтасып кететін бір мағыналық арна бар. Ол – ғибрат арнасы. Ақын шығармаларындағы шындықты сыншылдықтан, сынды шыншылдықтан даралап тануға талпыну қаншалықты жөнсіз болса, сол шыншыл таным мен сыншыл талғамды парасат тәлімінен, ғибрат дәнінен бөліп алу да соншалықты ретсіз.

Шыншылдық. Сыншылдық. Ғибраттылық. Шона Смаханұлының әдеби мұрасының танымдық, көркемдік-эстетикалық табиғатын даралап көрсететін қасиеттер – осылар. Қаламгер мұрасына тән осы үш асыл қасиетті білу – оның ақындық талантын да тану деген сөз. Шона Смаханұлы - шығармашылығы шыншыл, сыншыл және ғибратты талант. Шона Смаханұлы шығармашылығының шыншылдығы, сыншылдығы және ғибраттылығы оның елге, халыққа деген құрметі мен сүйіспеншілігіне негізделеді. Шона Смаханұлы - еліне, елінің жарқын болашағына сенген, елі, елінің жарқын болашағы үшін аянбай еңбек еткен, ұлттың рухани құндылықтарын қорғау, сақтау, насихаттау жолында қаны мен терін төккен асыл азамат.

Ер-азамат бойындағы ұлы қасиеттердің бастау-көзі оның елге, ұлтқа, ұлттың рухани құндылықтарына деген ыстық сүйіспеншілігі дер болсақ, халықтың қалың ортасынан шыққан ақын-жазушылар ішінде елді, ұлтты, ұлттың рухани құндылықтарын дәл Шона Смаханұлындай өліп-өшіп сүйіп, өліп-өшіп қорғаған, өліп-өшіп жырлаған кісі көп емес.

Егерде азамат ақынның елін өліп-өшіп сүюі мен өліп-өшіп қорғауы, өліп-өшіп жырлауы бүкіл ел-жұрт болып құрметтеуге, қошеметтеуге лайықты абыройлы да ардақты іс дер болсақ, Шона Смаханұлының өмірі мен қызметі, өнері мен өнегесі сондай абыройлы да ардақты іске толы.

Парасатты, өнегелі ел бағында сайраған құсына дейін мақтан етеді. Шона Смаханұлы елдің бағына біткен құс емес, Шона Смаханұлы - еліне деген ұлы сүйіспеншілігін жырға қосып, ұрпақтарына елді, елдің рухани асыл құндылықтарын сүюдің, сүйгенде, күздей сұрланып, қыстай қатайып емес, көктемдей гүлдеп, жаздай жайнап сүюдің, судай мұздап, мұздай жалтырап емес, оттай маздап, нұрдай жарқырап сүюдің үлгісін көрсетіп кеткен ақын. Ел-жұртының игілігі үшін ерен еңбек етіп, ел-жұртын шын жүректен жалындап сүйген, ел-жұртын ұлы махаббатпен жырлаған Шона Смаханұлы мәртебелі халқының биік құрметіне бек лайықты.

Бүгінде біз Шона Смаханұлының ағынан жарылып айтқан:

*Ақ пейіл, азат, ырысты
Айналдым туған халқымнан, –*

деген ақ сөзін, жан үнін шын жүректен қайталап айтамыз. Кейінгі ұрпақтың аузында да осы сөз болар деп үміт етеміз.

1994-2013

**Смаханұлы Ш. Таңдамалы шығармалар / әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай
ғылыми-зерттеу институты баспаға
ұсынған. - Алматы: «Астана Медиа Пресс»
баспасы, 2014. – 3-16-беттер.**